

"Шымкентмұнайоргсинтез" ашық акционерлік қоғамының акцияларын сатып алу-сату шартына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 22 желтоқсандағы N 1814

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің атынан Қазақстан Республикасы мен "Казвит Холдингс ЛТД" арасындағы Акциялар сатып алу туралы шартқа (1996 жылғы шілде) өзгерістер енгізу туралы келісім б е к і т і л с і н .

2. Осы қаулының атқарылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі